

# **ЕРДІЛІСІ**

# **ДИДАРЫ**



# ӨМІР ӨРНЕГІН ӨЛЕҢІМЕН ӨРГЕН

Жалған дүние азып-тозың қалады,  
Жазылған соз мәңгілік иесін табады.

Жұсін Баласағұн.

Биылғы жылы Кереку өнірінің жүртшылығы жерлес ақын, Дж. Неру атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты Аманжол Шамкеновтың туғанына 80 жыл толуын атап етуде. Осылың орай ақынның екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрді, өмірінің соңғы шағында тұрган Павлодар қаласының Естай көшесіндегі №134/1 үйге ескерткіш тақта орнатылды, алдағы уақытта туған ауылы Қаракұдық орта мектебіне ақынның есімі берілмекші. Құба-құп, өнегелі істер баянды болсын дейміз.

Аманжол Шамкенов казақ әдебиетінде өзіндік орын сыйып алған ақындарымыздың бірі. Оның алғашкы туындылары бұдан 60 жылдай бұрын республикалық мерзімді баспа бетінде жарияланған бастайды. “Студент сирь” атаптың жинағы 1951 жылы кітап болып шықкан. Содан бері Әбекенің поэзия, драматургия, проза, аударма салаларында 50-ден астам кітап жарық көрген.

Оның Отан, туған жер, ана, маҳабbat, достық туралы жүзеге жуық өлеңіне ән жазылды. Бұлар 1990 жылы жарық көрген “Ұстазым” атты ән өлеңдері жинағына етеді. Ақын жырларына есімі бүкіл қазақ еліне, одан әрі бүрінғы Қенес Одағы халқына танымал болған композиторларымыз Н. Тлендиев, Е. Рахмадиев, Л. Хамиди, И. Жаканов, Ә. Бейссуров, Б. Жұманиязов, С. Мұхамеджанов, К. Құмісбеков сынды қазақ музыка өнерінің тарландары ән жазғандары белгілі. Әнін Аблакат Еспаев шығарған “Ұстазым” өлеңі окушылардың әнұранына айналғандай болса, “Әке туралы ой”, “Ана туралы баллада” “Нені ойладың?” “Махаббатта шек бар ма?” “Жастық вальсі”, “Бесік жыры”, “Алматым”, тағы басқа өлеңдеріне жазылған әндер күнін бүгінгे дейін халқымыздың күмартға тыңдап, сүйсін ейтатын әндері болып келеді.

“Ән - өнердің ішіндегі адам бойын бірден билеп алатын ете нәзік, ете әсерлі, мейлінше жан тебірсантін құдірет. Әнниң тузы да әр килем... әнді көбіне өлең сөзі түдүргура тиіс деп ойлаймын” дей келе ақын өзінің кейбір өлеңіне екі, кейде үш ән жазылғаны, ал “Агады Ертіс” әнінің іегізі авторы Илия Жаканов бола тұра, жерлес сазгер Шекен Ракышев осы өлеңін тақырыбын “Ертісім еркін өзінім” деп өзгертип, оған да ән шығарғанын көлтіреді.

Ел ішіндегі “мына өлеңін сөздерін әнге сұранып түр екен” деген сөз оралымы, сірә, тегін

айтылмаса керек. Басқасын айтпағанда, тек қана ән жазылған өлеңдерінің өзі-ак ақын мәртебесін аспандағы тұрган жок па деген ой да туындаиды.

Аманжол Шамкеновтың 60 жасқа толу мерейтойы карсанында жарық көрген мақаласында филология ғылыминың докторы Әбділхамит Нарымбетов ақынның шығармашылық ерекшеліктерін саралтай келе: “...А.Шамкенов азamatтық ойдың ақыны. Ой биіктігі, сезім байлығы – оның поэтикалық туындыларының басты сипаты. Оның өлеңдерінің көркемдік болуы айқын, ырғак-үйқасы берік, еркін болып отырады. Парасаттылық, оқырманына түсініктілік, жатықтық, карапайымдылық – ақынның өлеңдеріне тән қасиет” деп түйіндеді. Шындығында да, Әбекенің сырт көзге карапайым көрінетін ішкі жан-дүниесінің катпарлы қыр-сырың, намысының ер мінезін, таңдағы мен талғамының нағызы ер азamatта тән ете биік деңгейде болып келетінін кейінрек, оның шығармаларымен жете танылаша жүріп, өзімен жи араласа келе білдік. Оны мына бір жағдайдан да көруге болады.

Ақынның Керекуде жарық көрген (2001ж.) “Ой-толғам” атапты соңғы жинағында “әркімнің өзінің көңілі қалайтын сүйікті қаламгері болатыны анық” дей отыра, өзінің Хамит Ергалиевтің жырларын көктемнің жауқазын гүліндегі сағына күтетінің жазады. Неге олай екенін ақын шығармашылығына ариналған “Нәрлі жырлар” атты мақаласын оқи келе түсінгендегі болдыым. Оңдағы пайымдағаным – екі дарынның өмірлік ұстанымының, “жүрек соғысының” бір арнада тоғызып жатуында болса керек. Әбекен атакты француз жазушысы Сент-Экзюпіридің “Адам болу – бөріне де жауапты екениңді сезіне биу” деген накыл сөзін, Ұлы Абайдың “Атымы да адам қойған соң, қайтіп надаи болайын!” деген толғанысын көлтіріп, осы керемет ойды ақын Хамит Ергалиев әрман карай өрбітіп, терендеге түседі дей келе, оның Отанына, атамекеніне, халқына деген шексіз сүйіспеншілігін отты өлең жолдарымен көлтіреді. Осындағы ізгі қасиеттер Әбекенің өз бойында да мол еді. Өзінің Тұған аймак” деген өлеңінде:

Небір гажсан жерді коріп жайнадым,  
Дүниенің шарласам да қай жағын,  
Менің озіңе ынтықтырып тартыптың гой  
Ыстық едің неткен, туган аймагым!  
деп, ақын атамекенге, ел-жүртynina деген сағынышын, бауырмалдық, патриоттық сезімін шалқыта, алауласта жырға косқанын аңарамыз. “Қазақстан” атты толғауындағы мына бір жолдар да осы сарында.

Кім сүйемді туган жерін, оз елін,  
Оз елімен бір жылдылық сеземін.

Оған деген маҳаббаттың шегі жақ,  
Шалқып жатыр бейне Ертісім - озенім.  
Сүйем ойлы ормандарының құлтырыған,  
Сүйем сұнын кіндік кесін, кір жуған.

Әбекен елге ізін сүтгіпай, жыл сайын келіп жүрүши еді. Жазғандарын ала келіп, облыс базпасөздерінде жария ететін. Тұып - есken Ертіс, Ақтогай, Лебяжье аймактарына да ат басын бура кететін-ді. Тұла бойы жылдылық толы болатын. Әбекенің 60, 70 жылдық мерейтойларын Кереку өнірінде бірге тойлап өткіздік. Жас арамыз 10 жас - орамда болсақ та, маган ылғы “айналайын” деуші еді. 70-ке келгенінде жарық көрген таңдамалы жинағында: “Айналайын Мұрат! Молдір қоңылден омірдегі бар жақсылық пеп қуанышты тігеймін” деп жазыпты. Ол кісі барша адамға да осылай еді. Оныңының шыныңды скендігі шығармашылығынан, бар болмысынан анық көрініп тұратын.

Жылдылық не деген таташа!

Жылы соз бір желтіп тастар-ау!

Күлімдегі бір көздер қараса,

Коңылің болады асқар тау - деп,

Жүргегін айқара ашып, ағынан жарылады. Нағыз зиялды азamat өмірің, өнерің, білімің, бойындағы бар асыл қасиетін қоғамға, адамға арнайды. Шын дарынды ақын, ер көңіл азamat, ойшыл жазушы, қоғам кайраткері осындағы болмак керек шығар.

Осындағы ізгі қасиеттер өзінен бір жыл кейін дүниеден еткен зайыбы Раиса Жанқызына да тән еді. “Ата көргөп ок жонар, ана көрген тон пішер” дегендес, үл-қыздары Ернар мен Ерланның, Гүлнар мен Айгүлдің де болмысынан тектіліктің, зиялдылықтың нышанын байқап көріп, естіп білп жүрміз.

Кейде маған Әбекенің еліне, ел басқарған азamatтарға және өзімін аралас-құралас болған біздерге деген шыныңды сенімін, ілтипатын ақтайдылдық па деген ой келеді. Оның мол шығармашылық мұрасын игілікке толығынан пайдаланып жүрміз б? Әлі де болса атқарылар шаралар бар секілді. Алдағы уақытта осының басқа да жолдарын ойластырсақ, ең алдымен өз елінде ақынның 80 жылдығына орай шығармаларының толық жинағы жарық көрсе, бәрімізге де үлкен абырай, қуаныш болар еді. Облысымызда Ұлы Абайдың, Сұлтанмахмұт, Мұқағали, Оралхан Бекей сынды жыр саңлақтарының оқулары үзбей еткізілп келеді. Осы іспеттес оқулар А.Шамкенов шығармаларынан да еткізілп тұрса, нұр үстінен нұр болған болар еді.

Әдебиет, өнер қайраткерлерінің шығармашылығына ариналған іс-шаралар С. Торайғыров атындағы орталық кітапхана мен Бұқар жырау мұражайында атқарылып жатады.

Алайда бұл шаралар көбінесе белгілі бір үжымдар шегінде қалып қоятынға ұқсайды. Жаңадан шыққан шығармалар жинағы да колға түсе бермейді. ПМУ оларды біраз жаңартып шығарып жатыр. Олардың таралымы аз мөлшерде. Алдағы уақытта осы жағын да ескеріп, жинақтарын молырақ таралыммен шығарып, кітапханаларға, дүкендерге көбірек түсіру керек деп білеміз.

Әбекеңнің 1993 жылы Дж. Неру сыйлығын алардағы өлеңінен мынадай бір шумақтың соңғы жолына көніл аудардық.

*Fұмырдың іебір белеңін  
Елу жыл жырлан келемін.  
Рахмет саган, Үндістан!  
Елімнен бұрын еледің.*

Еріксіз, апырай, ә, бұл қалай болғаны деп, қайран қаласыз. Өз елі дер кезінде елеп көтермесе, ақын жүрегінде қаяу, халық көнілінде күман қалмай ма?! Биыл облысымыздың 70 жылдығы қарсаңында, яғни, сәті түсіп тұрған шакта, Аманжол Шамкенов есімі Павлодар қаласының бір орталық көшесіне берілсе, он шешім болар еді деп білеміз. Алайда көнілде бәрібір бір алаң қалып қойған сияқты. Өткізіліп жатқан іс-шараларға салыстырмалы, жоғарырақ деңгейден қарағанда, оларға әлі де бір жүйелілік, жариялыштық, сапалыштық жетіспейтінгे ұқсайды. Содан соң мұндай өрелі істердің басы-қасында жоғары лауазымды жанашыр азамат жүруі тиіс деп білеміз. Осы тұрғыдан алсак, үстіміздегі жылдың жазында Баянауылда өткен Дихан Бабаның 100 жылдық мерейтойы үлгі боларлық дер едім. Тойда облыс әкімі Қайрат Нұрпейісов құттықтау сөзбен ашып, басынан аяғына дейін аудан әкімі Қорабай Шәкіров жүргізді. Ондағы жасалған баяндаманы нағыз бір ғылыми трактат дерсіз. Тойға келген республикамыздың орак ауызды, өткір тілді ақын, жазушылары да өз сөздерінде бабамыздың мәртебесін аспандата көтерді. (бір әттеген-айы: бабаның 5 томдығын анадайдан ғана көріп қалдық). Осының бәрін естіп көрген, басқа да ойын-сауықты тамашалаған адамның бәрі де мәңгі естен кетпестей әсер алды. Өзіміз куәсі болған мерейтойға қатты риза болып тарастық.

Сөз соңында айтарым, Иса Байзаков, Қалижан Бекхожин, Дихан Эбілов, Мұзафар Әлімбаев, Аманжол Шәмкенов, Мұбарак Жаманбалинов, Нұтфолла Шәкенов сынды дарынды жерлес ақын-жазушылардың шығармаларын заман ағымына сай өз елінде дер кезінде жаңғыртып, жарияладап, насиҳаттау алда тұрған абыройлы борышмызы деп білемін. Бұнымыз кейінгілерге үлгі, жас буынға таусылмас рухани азық болары хақ.

**Мұрат ӘБДІРАХМАНОВ,**  
**облыстық “Қазақ тілі” қоғамының**  
**басқарма төрагасы.**